

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 195 "Маңғыстау ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 106 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 сәуірде № 4550-12 болып тіркелді

Маңғыстау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы №195 "Маңғыстау ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4455 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Г. Ниязов